

2024 - 2025 оқу жылына арналған

**Балалардың танымдық іс-әрекетін дамыту және түзету
жұмыстарының жоспары**

Педагог-психолог: Қызылбай А.Қ.

2024 - 2025 оқу жылына арналған

Балалардың танымдық іс-әрекетін дамыту және түзету

«ОЙНА ДА ДАМЫТ!» бағдарламаның

тақырыпты –күнтізбелік жоспары

Мақсатты топ : ересек (жоғары) тобы

Барлығы 27 сабақ: аптасына 1-рет 25 минуттан.

Айы	Күні	Ұйымдастырылған оқу қызметі №	Тақырыбы
Қазан		1	«Кел танысайық!»
		2	«Көңілді әтеш»
		3	"Қоршаған әлем"
		4	«Сиқырлы қап»
Қараша		5	«Жыл мезгілдері»
		6	«Тәулік уақыты»
		7	«Топтарға жіктеу»
		8	«Кім қайда барады?»»
Желтоқсан		9	«Осы үйде кім тұрады?»»
		10	«Суретшіге көмектес»
		11	«Біз жаңа жылдық шыршаны безендіреміз!»
		12	«Алғыр кірпі»
Қаңтар		13	«Қорыққанға қос көрінеді»
		14	«Хайуанаттар бағына серуен»
		15	«Сиқырлы әлем тұрғындары»
		16	«Саз – балшық терапиясы»
Ақпан		17	«Теңіз түбіндегі өмір»
		18	«Анамызға арналған гүл шоғы»
		19	«Көктем келді»
		20	«Күлімде»
Наурыз		21	«Мамандықтың бәрі жақсы»
		22	«Сенімді дос – бағдаршам»
		23	«Көк пен жердің тұрғындары»
		24	«Нәзік гүлдер»
Сәуір		25	«Достық күлімдеуден басталады»
		26	«Арнайы көлік»
		27	«Сыпайы сөйлесейік»

Түзету – дамыту оқу қызметі №1

Тақырыбы: «Кел танысайық!»

Мақсаты: Балаларды өз қатарластарымен қарым-қатынас жасау дағдыларына бейімдеу. Ұсақ моторикалық және көрнекі қабылдау дағдыларын, назарын, қиялын, негізгі геометриялық фигуралардың атауын меңгеруді дамыту.

Мақсатты топ : ересек (жоғары) тобы

Педагог-психолог: Қызылбай А.Қ

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	«Көпіршік үрлен, үлкен боп үрлен!»- сәлемдесу рәсімі Мақсаты: Балаларды өз қатарластарымен қарым-қатынас жасау дағдыларына бейімдеу. Ойын ережесі: Психолог балалардың біріне жақын барып, танысып, ойнауға шақырады («Сенің атың кім?», «Мерей, кел ойнайық!»). Сосын олар бірге келесі балаға жақындап, онымен танысады және ойынға шақырады. Осылайша олар бірге келесі ойыншыға, тағысын солай жалғастырады. Олар жиналып болғасын, бірге шеңберге тығыздала жиналып, артқа қадам жасай отырып, «көпіршікті» үрлей бастайды. Әр қадам басқан сайын балалар – «Көпіршік үрлен, үлкен боп үрлен, үлкен боп үрлен де, жарылма!» ұрандатады. Психолог: «Көпіршік жарылды!» дегенде: барлық балалар шапалақпен жарылған көпіршіктердің дыбысын шығарады. Қолдарын шапалақтап, қайтадан ортаға жиналады.	Балалар бір-біріне жақындап, ойнауға шақырады, содан кейін тығыз шеңберге айналады, сол шеңберді үлкейте артқа қадамдар жасайды, қолдарын шапалақтайды.	2 мин.
2	Дәнді дақылдармен ойын «Гүлдерді салу» Мақсаты: саусақтардың ұсақ моторикасын, көру қабілетін дамыту. Нұсқаулық: Картонға бір уыс астық дәнін төгіп, балаларға сол дәндерден өз еркімен бірнеше сызбалар салуға ұсыныс жасаңыз. Содан кейін суреттер салуға өтіңіздер: толқын, жаңбыр, шеңбер, шаршы. Әртүрлі гүлдермен сурет салуды аяқтаңыздар: түймедақ, қызғалдақ және т.с.с.	Астық дақылдарымен картон кағазда сурет салады	Картон, астық дәндері 5-6 мин.
3	«Тізбектегі суреттер» ойын Мақсаты: Баланың қиялын дамыту және сонымен бірге балаларға негізгі геометриялық фигуралардың атауын білуге көмектесу. Нұсқаулық: Психолог еденде жіппен түрлі геометриялық пішіндерді жасап көрсетеді: шеңбер, үшбұрыш, шаршы, сопақ. Содан кейін балаларға көрсетілген пішіндердің кез-келгенін өздеріне жасап көруіне ұсыныс жасайды.	Жіп көмегімен әр түрлі пішіндерді жасап көреді	Жіп 15 мин.
4	Релаксация және тыныс алу үшін жаттығулар «Әуе шары» Барлық ойыншылар шеңбер бойымен отырады немесе тұрып тұрады. Психолог келесі нұсқаулар береді: «Қазір біз шарларды үрлеп көреміз деп елестетіндер. Елестетіп тұрған шарды ақырындап үрлеп, көздеріңізбен шардың қалай үлкейіп бара жатқанын байқаңыздар. Елестетіп көрдіңіздер ме? Мен де сендердің үлкен шарларыңды көз алдыма елестетіп тұрмын. Ал енді үрленген шарларыңды бір – біріне көрсетіндер! Жаттығу 3 рет қайталануы мүмкін.	Балалар орындықтарда отырып, айтылған шарттарды орындайды.	Релаксация мәтіні 5 мин.
5	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.

2024- 2025 оқу жылына арналған

Балалардың танымдық іс-әрекетін дамыту және түзету

«ОЙНА ДА ДАМЫТ!» бағдарламаның

тақырыпты –күнтізбелік жоспары

Мақсатты топ: ортаңғы топ

Барлығы 27 сабақ: аптасына 1-рет 20 минуттан.


Айы	Күні	Ұйымдастырылған оқу қызметі №	Тақырыбы
қазан		1	«Жайқалған гүлдер»
		2	«Қызықты бейнелер»
		3	«Артық транспорт түрін тап!»
		4	«Ақылды саусақтар»
қараша		5	«Кім қандай киім киген екен?»
		6	«Пайдалы және зиянды тағам»
		7	«Суретшіге көмектес»
		8	«Кім несімен пайдалы?»
желтоқсан		9	«Бірдей заттар»
		10	«Тәулік мезгілдері»
		11	«Аяз ата келеді»
		12	«Үйшік»
қаңтар		13	«Сиқырлы нүктелер»
		14	«Көңілді зообак»
		15	«Ермексаз елі»
		16	«Сиқырлы тамшылар»
ақпан		17	«Көңілді балықтар»
		18	«Анамызға арналған гүл вазасы»
		19	«Көктем гүлдері»
		20	«Көңілді гномдар»
наурыз		21	«Кімге не қажет?»
		22	«Көңілді бағдаршам»
		23	«Ауа, көк аспан және қара жер»
		24	«Бақша гүлдері»
сәуір		25	«Дос болайық!»
		26	«Ойыншық қуыршақ және солдат»
		27	«Мейірімге толы сөздер»

Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі
№1 «Жайқалған гүлдер»

«02» 09 2024 ж.

Мақсаты: Балаларды өз қатарластарымен қарым-қатынас жасау дағдыларына бейімдеу. Ұсақ моторикалық және визуалды қабылдау дағдыларын дамыту.

Мақсатты топ : ортаңғы топ **Педагог-психолог:** Қызылбай Айдана

№	Оқу қызметі түрлері	Балалардың әрекеті	Көрнекі құралдар және уақыт
1	«Ізгі тілектер хоры» - сәлемдесу рәсімі Мақсаты: Позитивті эмоционалдық фон құру, топ бірлестігін арттыру. Нұсқаулық: Психолог балалардың шеңбер бойымен, бір – бірлерінің қолдарынан ұстап тұруларын сұрайды. Балалар өздерін таныстырып, күлімсіреп, бір – бірлеріне ізгі тілектер және жылы сөздер айтулары керек.	Балалар, шеңбер бойымен тұрып, өздерін таныстыра, күлімсіреп, бір – бірлеріне ізгі тілектер және жылы сөздер айтады.	2 мин.
2	«Үкі» - қозғалыс ойыны. Нұсқаулық: балалар ойын бастаушы – үкіні сайлайды. Үкі ұясында ұйықтап отырады. Осы уақытта балалар жүгіріп – секіре ойнай бастайды. Сол кезде жүргізуші «Түн» болды деп жар салады. Барлық ойыншылар орындарында қатып қалады. Үкі оянып, ұша жөнеледі. Кімде – кім қозғалса, не болмаса күліп жіберсе – сол үкі болып сайланады. Осылайша ойын жалғасын табады.	Балаларойын бастаушы – үкіні сайлайды. Асыр салып ойнайды. «Түн» деген команда берілгенде орындарында қатып қалулары керек.	Әуен 3 мин.
3	«Қырыққабат» - саусақ ойыны. Мақсаты: моториканы және сөйлеу қызметін дамыту Нұсқаулық: Балалар психологпен бірге айта отырып, қимылдарын қол көмегімен сипаттайды. Біз қырыққабатты кесеміз. Сәбізді өткіземіз үккіштен. Үстінен молынан тұз себеміз. Бастыртамыз күшпенен.	Балалар психологпен бірге айта отырып, қимылдарын қол көмегімен сипаттайды.	2 мин.
4	«Жайқалған гүлдер» жаттығуы. Мақсаты: Ұсақ моториканы дамыту, қол қозғалысын үйлестіру, визуалды қабылдау. Нұсқаулық: Психолог балаларға: Қане гүлдеріміз жайқалып, әрі әсем болып өсуі үшін оларды суғарайық. Қолымызға қалам алып, үзік сызықтарды жалғап шығайық және гүлдерді алуан түстерге бояуға болады.	үзік сызықтарды жалғап, гүлдерді бояп шығады. 	Бланк 10 мин.
5	«Гүл оянады» - релаксация және тыныс алу жаттығуы. Мақсаты: Өзін-өзі босатудың әдістерін үйрету. Нұсқаулық: Балалар орындықта отырып, бірқалыпты тыныс ала, ұйқыдағы гүлдердің рөлін ойнайды. Тыныш оянып, орнынан тұрып, жапырақтарын жайқалта керіледі. Алақандарын жая күнге қарай созылады. Барлық іс – қимыл жеңіл әуенмен сүйемелденеді.	орындықта отырып, бірқалыпты тыныс ала, ұйқыдағы гүлдердің рөлін ойнайды. Тыныш оянып, орнынан тұрып, керіледі.	Музыка 5 мин
6	Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?	Сұрақтарға жауап береді.	2 мин.

Түзете - дамыту іс-әрекетінің парағы

Баланың аты - жөні (жеке баламен) Молтық Тобы Айгөлек
Жасы 4 жастағы

Тренингтік топ Айгөлек топ Басталу уақыты 11:00, 11:20
11:20, 11:40.
Түзету-дамыту әдіс-тәсілдері _____

Балалардың танымдық
іс-әрекетін дамыту және түртіну

Тәрбиеленушінің іс-әрекеті барысындағы динамикасы (психикалық ахуал) "Найзаңтан құрар"
«10.10» 2024ж. Балалардың 4 қатарластырылған
қарым-қатынас жасау дағдыларын
көрсетудің мақсатын дамыту.
«17.10» 2024ж. Әлеуметтік сенімді қалыптастыру
қарым-қатынас дағдыларын, ойлау, қабылдау
көрсетудің ортамен мақсатын.
«24.10» 2024ж. Жұмысты бейнелеу
Әлеуметтік сенімді қалыптастыру, ойлау, қабылдау
көрсетудің ортамен мақсатын.
«31.10» 2024ж. Ақылдау сұрақтар
Әлеуметтік сенімді қалыптастыру, ойлау
көрсетудің мақсатын дамыту.

Түзету-дамыту жұмыстарының нәтижесі (Түзету дамыту жұмысының аяқталуы сәтінде)

Балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын
және ортамен бейнелеуді мақсаты

Ұсыныстар _____

Күні 31.10 2024

Педагог-психолог Ақылбай А.

Түзете - дамыту іс-әрекетінің парағы

Баланың аты - жөні (жеке баламен) Шоптоқ Тобы Айгөлек
Жасы 4 жастағы

Тренингтік топ Айгөлек тобы Басталу уақыты 10:30 - 11:00
11:00 - 11:20.

Түзету-дамыту әдіс-тәсілдері _____

Балалардың танымдық іс-әрекетін
дамыту және түзету.

Тәрбиеленушінің іс-әрекеті барысындағы динамикасы (психикалық ахуал) «Жыл мезгілдері»
«06.11» 2024ж.

Балалардың жыл мезгілдерін
танып білуге, ажыратуға үйрету.

«13.11» 2024ж. «Таулық уақыты» Таулық әсірелік.
түсіндіру қарым-қатынас дағдыларын
дамыттыру. Жаңа моторикасын дамыту.

«20.11» 2024ж. «Шоптарға әсірелік»
Балалардың өз қатынастарымен қарым-қатынас
тасау, дағдыларын бейімдеу. Жаңа моторикасын дамыту
«27.11» 2024ж. «Бил қанда барды»
Әлеуметтік сенімді қатынастарын ойлау, өзіндік
қатынастарын қарым-қатынас ортамен таныстыру.

Түзету-дамыту жұмыстарының нәтижесі (Түзету дамыту жұмысының аяқталуы сәтінде)

Балалардың бір-бірімен қарым
қатынасы және ортаға бейімдеуі жақсы

Ұсыныстар _____

Күні 27.11.2024

Педагог-психолог Қызылбай А.

Түзете - дамыту іс-әрекетінің парағы

Баланың аты - жөні (жеке баламен) Алпаты Тобы Айлаш
Жасы 4-5 жасар

Тренингтік топ 11 Айлаш 4 топ Басталу уақыты 10:30 - 11:00
11:00 - 11:30

Түзету-дамыту әдіс-тәсілдері _____

Балалардың танымдық іс-әрекетін
дамыту және түзету.

Тәрбиеленушінің іс-әрекеті барысындағы динамикасы (психикалық ахуал) «Формаданға қос көрінеді»
«08.01.25 ж. Балалардың көру аңғары қабілеті, ойын
түрінде қорықатындарды жекі, қозғалыс
бейсенділігін, ойлау қабілетін дамыту.»

«15.01.25 ж. 11 Жайуанаттар бағына сәулеті. Көрнекі
қабілеті, қозғалыс бейсенділігін дамыту, қоршаған
ортамен танысу. Жаңа сипаттарды т. тәжірибелік танысу.»

«22.01.25 ж. 11 Сұлулық және тұлғандары қозғалыс
бейсенділігін дамыту, қоршаған ортамен және
адамдар тұлғандарымен танысу.»

«29.01.25 ж. 11 Сау - тамшық терапиясы» Баға Бұрын - Бұрынғы -
қазіргі жағдайды, эмоциялық қуаттануға, ой ерісін
дамытуға жаңадай жасау қоршаған ортамен танысу.

Түзету-дамыту жұмыстарының нәтижесі (Түзету дамыту жұмысының аяқталуы сәтінде)

Балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы
және ортаға бейсенділігі жақсы

Ұсыныстар _____

Күні 29.01.2025

Педагог-психолог Боруханов А.